

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Тақырыбы:

«Сәт сапар саған, жас түлек!»

Шардара қаласы. 2022 оқу жылы

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет

Тақырыбы: **«Сәт сапар саған, жас түлек!»**

Мақсаты: Оқушыларды салтанатты іс-шараға қатыстыра отырып, әсемдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Өткізілетін күні: 25 мамыр 2022 жыл

Өткізілетін уақыты: 09:00

Өткізілетін орны: Мектеп алаңы

Барысы:

1 жүргізуші: Армысыздар ардақты ата – аналар, аяулы ұстаздар, қымбатты оқушылар, қадірлі жас түлектер!

2 жүргізуші: Міне, бүгін қызығы мен қиыншылығы мол, әр оқу жылы қайталанбас тарихқа толы мектептің мерекесі, оқушылардың сыныптан – сыныпқа көшіп, асыға күткен жазғы демалысқа шығарып салатын соңғы қоңырау салтанаты.

1-жүгізуші: Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп қабырғасын имене аттаған ұл – қыздарымыз ойы толып, бойы өсіп, алтын ұя мектебімен қоштасатын күн.

Нұрлы үміт аркалаған арқаға,
Жан сәулесін тарататын баршаға,
Шын пейілмен құрметімізді көрсетіп,
Түлектерді шақырайық ортаға.

2 жүргізуші: Қарсы алыңыздар! Алтын ұя мектебінің табалдырығынан үлкен өмірге ұшқалы отырған мектеп бітіруші түлектерді құрметпен ортаға шақырамыз.

(музыка ойналады, бітіруші түлектер 11 «а», 11 «ә», 11 «б» ортаға шығып орындарына тұрады).

1 жүргізуші: Тарихы терең қазақ деген көне елде,
Ел белгіде ерлік, өрлік, өнерде,
Жахандағы ең жауынгер халықта
Кім сенеді ту болмады дегенге.

2 жүргізуші: Мазмұнына өрнегі жарасқан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін.
Мектеп Сап түзе. Тік тұр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы кіргізілсін.

1 жүргізуші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеру құрметін мектеп бітіруші түлектер және 10 сыныптың үлгілі оқушыларына тапсырылады.

2 жүргізуші: Мектеп қой Еліміздің қаны, жаны.
Мектептен басталады бәрі – бәрі.
Бүгінгі мектеппен қоштасу салтанатында
Шырқалсын Қазақстан Әнұраны

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалсын.

жүргізуші: Өмірде өлшенбейтін іс балаға берген білімнің мейірімің, қамқор пейілің.
Ол – болашақ. Болашақтың бүр жарған сабағына құйған білім нәрің мәңгілік.

жүргізуші: Осынау мәңгілік борышты ауырсынбай, аянбай, өзімнің адамгершілік парызым,
кала берді ағалық қамқорлығым деп түсінген кимас сәтте өздеріңе арналған
алғашқы құтықтау сөзді мектеп директоры Нұрымбет Жалғас Жүнісұлы мен
директордың оқу ісінің меңгерушісі Қосбай Наурызбай Есейұлына беріледі.

жүргізуші: Арнап келер мерей той мейрамдарда,
Мәртебеңде биік қой мейрам барда
Бүгінгі мектеп кешіне тілек айтсын , - дей отырып салтанатты жиынға қатысып
отырған қонақтарды құрметпен атай келе құттықтау сөз кезегін береміз.

1.

2.

жүргізуші: Жаксы шәкірт азамат атанады,
Халқынан, ата - анадан бата алады.
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,
Ортаға шақырайық ата – ананы.

жүргізуші: «Ата - ана баланың бас ұстазы» дегендей, ата – ана мен мұғалім қатар тұрғанда
бала өзіне деген қамқорлықты толық сезінеді. Сөз кезегі құрметті де қадірлі
ата – аналарымыз атынан ардагер ұстаз Мұңалбаев Мұхамбет ағайға беріледі.

жүргізуші: Абзал жандар биік тұлға байсалды,
Құшақ жайып төл мерекең қарсы алды
Түлектерге жарқын тілек білдіріп,
Құттықтайды бүлдіршіндер баршанды

жүргізуші: Болашақта үміт күттірер 11- сынып оқушыларынан, аға – апаларынан үлгі алар
1- сынып оқушыларына естелік табыс етіледі.

жүргізуші: Мектеп сап түзе! Тік тұр! Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы
шырылсын.

жүргізуші: Мұңайтпасын қиындықтар сендерді,
Батылдықпен асыңдар сан белді,
Біліммен қуантсаңдар мектепті,
Жаксы іс пен қуантыңдар елді енді.

жүргізуші: Ұшырса да бұл өмірдің сан құсын,
Ұстаз – ғалым, толастамас мәңгі ісің
Тыншымайтын асыл жандар аяулы,
Тыңдаңыздар шәкірттердің алғысын.

Алдарыңызда көркем сөз ұжымы.

жүргізуші: Еркеліктерден мөлдір көздерім нұрланып,
Өлең өмірім қуаныштар мен жырланып.
Қаннен қаперсіз, пәк көңіл менен күлетін,
Балалық шақтың күндері барады ұрланып.

жүргізуші: Ән: «Ғарышқа» орындайтын түлектер. Қол соғып, қошеметтеп отырыңыздар!

жүргізуші: Арман қуған, алаулаған жүректері,
Мақсаты да мұраты тілектері
Жас қырандай қанат қағар қияға алыс
Жолың болсын, мектептің жас түлектері.

жүргізуші: Күтсін дейміз алдыңнан күліп бағың,
Жарқырап, арайланып атсын таңың.
Өмірдің торабы көп, тек адаспаса
Шыдай біл салғанына сынбай сағың

Би: Вальс

жүргізуші: Егемендік еліміздің болашағы
Кімгеде, ойландырмас бала қамы
Білімді ұрпақ еліміздің шам шырағы
Өшпесін мәңгі бақи бала қамы

жүргізуші: Болашағы елімнің жас қолында
Адаспасын жастарым өз жолында
Ұлы Абай айтқандай кірпіш болып
Қалансын керекті боп өз орнында

Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған, Бақтығали Жұмалиннің әні «Бақыт деген....» Алдарыңызда «Түлектер» тобы

жүргізуші: Бірлік деген даналар мен кемеңгер,
Бір – бірінді әркашанда елеңдер.
Түрлі асу жолдарында тағдырдың,
Бір – біріне демеу болып демендер.

жүргізуші: Сонда естілер ел жұртыңның нұрлы үні,
Сонда жеңер мына өмірдің шындығы
Әуелетіп аспанға шар ұшырдық,
Ол бірлігің, мәңгі бірлік символы!

Хор: «Сыныптастар» әні

жүргізуші: Бәрі – сын, араласың, өмір ауылың,
Бәрі - шын, қоштасарда қоңырау бұл.
Мәнісін ұғасыңдар өткен күннің,
Дауысын естігенде қоңыраудың
Балалықтың соңғы әнін шырқап бүгін
Қоңыраудың естиміз соңғы үнін.

- жүргізуші:** Бүгінгі соңғы қоңырау үні ерекше.
Ол мектеппен қоштасар соңғы қоңырау
Ол балалық шақтан мектеп белесіне асыратын қоңырау.
- 1-2 жүргізуші:** Сәт сапар саған жас түлек.
Соғылсын соңғы қоңырау.

жүргізуші: Қош сау болыңыздар.